

**Отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту мен жылжытуға және еңбек өнімділігін арттыруды қолдауға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 839 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қыркүйекте № 12060 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 26 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.01.2018 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Экспорттаушыларды сервистік қолдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптама жасау шығындарын өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 5 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 1-қосымша

**"Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің  
интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша  
шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 49 (қырық тоғыз) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғаларға - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуге осы стандартқа қосымшаға сәйкес берілетін өтінім;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе өтінімді филиал (өкілдік) берген жағдайда, оның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) ақысын төлеуге жұмсаған шығындарды өтеуге арналған өтінімге енгізілген жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді орындауға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не салыстыра тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, олардың көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мөрімен расталған (болған жағдайда) шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы жұмыстарға/көрсетілген қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) экспортты жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері (экспорттық келісімшарт, валюталық түсімнің түскені туралы банк анықтамасы);

6) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжитатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарының көшірмелері;

7) интернет-ресурсты құрумен, тіркеумен, іске қосумен және қолдаумен байланысты құжаттардың (шарт, техникалық тапсырма) көшірмелері қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044). Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Нысан

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуді алуға арналған өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_

(экспортты дамыту және оны ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

— (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы)

Мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні \_\_\_\_\_

(анықтаманың №, кім және қашан берген)

Өндірістік персоналдың саны \_\_\_\_\_ адам

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

1. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің интернет-ресурстарын құру және іске қосу қызметтерін төлеу бойынша шығындар:

Шығындардың атауы	Шығындар жұмсалған келісімшарттың №	Жабдықтаушыдан көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	ҚҚС-сыз шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				
Барлығы				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сома:

\_\_\_\_\_ теңге

(цифрмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Экспортталатын өнім немесе көрсетілетін қызмет туралы мәліметтер:

КО СЭҚ ТН 10 белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілетін,

өнім атауы: \_\_\_\_\_

Импорттаушы елдің және импорттаушы ұйымның атауы:

\_\_\_\_\_

—

Экспорттық келісімшарттың атауы және деректемелері: \_\_\_\_\_ Өнім экспорттының немесе көсетілген қызметтердің жүзеге асырылған көлемі немесе ақшалай көріністе: \_\_\_\_\_ теңге.

Соңғы екі жыл ішіндегі өнімді немесе көрсетілетін қызметті өткізудің жалпы көлеміндегі өнім немесе көрсетілетін қызметтер экспорттының үлесі: \_\_\_\_%.

3. Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінімді берген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 2-қосымша

## **"Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:



1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 49 (қырық тоғыз) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғаларға - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеуге осы стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін өтінім;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе өтінімді филиал (өкілдік) берген жағдайда, оның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) ақысын төлеуге жұмсаған шығындарды өтеуге арналған өтінімге енгізілген жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді орындауға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не салыстыра тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, олардың көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мөрімен расталған (болған жағдайда) шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы

жұмыстарға/көрсетілген қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) экспортты жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері (экспорттық келісімшарт, валюталық түсімнің түскені туралы банк анықтамасы);

6) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжытатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарының көшірмелері;

7) маркетингтік зерттеулердің жүргізілуіне байланысты құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ сыртқы нарықтарға шығу жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044).

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Нысан

## Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге шығындардың бір бөлігін өтеуді алуға арналған өтінім

Кімге: \_\_\_\_\_

— (экспортты дамыту және оны ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

— (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы)

Мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні \_\_\_\_\_

(анықтаманың №, кім және қашан берген)

Өндірістік персоналдың саны \_\_\_\_\_ адам

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

1. Маркетингтік зерттеулер бойынша көрсетілетін қызметтерді төлеуге арналған шығындар:

Шығындардың атауы	Шығындар жұмсалған келісімшарттың №	Жабдықтаушыдан көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	ҚҚС-сыз шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				
Барлығы				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сома:

\_\_\_\_\_ теңге

(цифрмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Экспортталатын өнім немесе көрсетілетін қызмет туралы мәліметтер:

КО СЭҚ ТН 10 белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілетін,

өнім атауы: \_\_\_\_\_

Импорттаушы елдің және импорттаушы ұйымның атауы:

Экспорттық келісімшарттың атауы және деректемелері: \_\_\_\_\_

Өнім экспортының немесе көсетілген қызметтердің жүзеге асырылған көлемі немесе ақшалай көріністе: \_\_\_\_\_ теңге.

Соңғы екі жыл ішіндегі өнімді немесе көрсетілетін қызметті өткізудің жалпы көлеміндегі өнім немесе көрсетілетін қызметтер экспортының үлесі: \_\_\_\_%.

3. Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінімді берген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 3-қосымша

**"Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды  
индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына  
шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған  
өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін  
қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге  
жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді

оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 49 (қырық тоғыз) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызметті көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күн ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғаларға - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға

дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеуге осы стандартқа қосымшаға сәйкес берілетін өтінім;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе өтінімді филиал (өкілдік) берген жағдайда, оның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) ақысын төлеуге жұмсаған шығындарды өтеуге арналған өтінімге енгізілген жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді орындауға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не салыстыра тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, олардың көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мөрімен расталған (болған жағдайда) шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы жұмыстарға/көрсетілген қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) экспортты жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері (экспорттық келісімшарт, валюталық түсімнің түскені туралы банк анықтамасы);

6) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжитатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарының көшірмелері;

7) оқудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер**

**әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.



Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044). Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Нысан

**Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін**

**қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеуді алуға арналған өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_

— (экспортты дамыту және оны ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

— (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы)

Мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні \_\_\_\_\_

(анықтаманың №, кім және қашан берілген)

Өндірістік персоналдың саны \_\_\_\_\_ адам

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

1. Шетелде, сондай-ақ шетелдік кеңесші-сарапшыларды индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері-кәсіпорындарына шақыру арқылы экспортты басқару, оның ішінде экспортқа бағдарланған өнімді өндіру саласындағы экспортты басқару саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді төлеуге жұмсалған шығындар:

Шығындардың атауы	Шығындар жұмсалған келісімшарттың №	Жабдықтаушыдан көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	ҚҚС-сыз шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				
Барлығы:				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сома:

\_\_\_\_\_ теңге

(цифрмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Экспортталатын өнім немесе көрсетілген қызмет туралы мәліметтер:

КО СЭҚ ТН 10 белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілетін,

өнім атауы: \_\_\_\_\_

Импорттаушы елдің және импорттаушы ұйымның атауы:

Экспорттық келісімшарттың атауы және деректемелері: \_\_\_\_\_  
Өнім экспортының немесе көсетілген қызметтердің жүзеге асырылған көлемі немесе ақшалай көріністе: \_\_\_\_\_ теңге.  
Соңғы екі жыл ішіндегі өнімді немесе көрсетілетін қызметті өткізудің жалпы көлеміндегі өнім немесе көрсетілетін қызметтер экспортының үлесі: \_\_\_\_%.

3. Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінімді берген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 4-қосымша

## **"Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 49 (қырық тоғыз) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғаларға - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеуге осы стандартқа қосымшаға сәйкес берілетін өтінім;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе өтінімді филиал (өкілдік) берген жағдайда, оның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) ақысын төлеуге жұмсаған шығындарды өтеуге арналған өтінімге енгізілген жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді орындауға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не салыстыра тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, олардың көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мөрімен расталған (болған жағдайда) шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы жұмыстарға/көрсетілген қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) экспортты жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері ( экспорттық келісімшарт, валюталық түсімнің түскені туралы банк анықтамасы);

6) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжитатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарының көшірмелері;

7) франчайзер маркасымен жұмыс істеуге берілген лицензияның көшірмесі қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044). Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

Нысан

## Франшизаны тартуға шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінім

Кімге: \_\_\_\_\_

(экспортты дамыту және оны ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы)  
Мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні \_\_\_\_\_  
(анықтаманың №, кім және қашан берген)

Өндірістік персоналдың саны \_\_\_\_\_ адам

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

### 1. Франшиза тартуға арналған шығындар:

Шығындардың атауы	Шығындар жұмсалған келісімшарттың №	Жабдықтаушыдан көрсетілген қызметтерді/ жұмыстарды қабылдау күні	ҚҚС-сыз шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				
Барлығы				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сома:

\_\_\_\_\_ теңге

(цифрмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Экспортталатын өнім немесе қызмет туралы мәліметтер:

КО СЭҚ ТН 10 белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілетін,

өнім атауы: \_\_\_\_\_

Импорттаушы елдің және импорттаушы ұйымның атауы:

\_\_\_\_\_

Экспорттық келісімшарттың атауы және деректемелері: \_\_\_\_\_

Өнім экспортының немесе көсетілген қызметтердің жүзеге

асырылған көлемі немесе ақшалай көріністе: \_\_\_\_\_ теңге.

Соңғы екі жыл ішіндегі өнімді немесе көрсетілетін қызметті өткізудің жалпы көлеміндегі өнім немесе көрсетілетін қызметтер экспортының үлесі: \_\_\_\_%.

3. Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінімді берген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 5-қосымша

## **"Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 49 (қырық тоғыз) жұмыс күні;



2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күн ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғалар - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеуге осы стандартқа қосымшаға сәйкес берілетін өтінім;

2) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе өтінімді филиал (өкілдік) берген жағдайда, оның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) ақысын төлеуге жұмсаған шығындарды өтеуге арналған өтінімге енгізілген жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді орындауға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері не салыстыра тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, олардың көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісінің мөрімен расталған (болған жағдайда) шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актілерінің, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің осы жұмыстарға/көрсетілген қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын төлем тапсырмаларының көшірмелері;

5) экспортты жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері (экспорттық келісімшарт, валюталық түсімнің түскені туралы банк анықтамасы);

6) отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жылжитатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері үшін тауардың шығу тегін растайтын құжаттарының көшірмелері;

7) сертификаттаудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін (сертификаттар, рұқсаттар және өзгелері не берілген сертификаттар бойынша салыстыра тексеру актілері) қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212- б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044).

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеу" мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Нысан

**Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінім**

Кімге: \_\_\_\_\_

— (экспортты дамыту және оны ілгерілету саласындағы Ұлттық даму институтының атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

— (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, толық атауы)  
Мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күні \_\_\_\_\_  
(анықтаманың №, кім және қашан берілген)

Өндірістік персоналдың саны \_\_\_\_\_ адам

Қызмет түрі \_\_\_\_\_

Тел/факс: \_\_\_\_\_

1. Шет елге экспорттау мақсатында өнімді сертификаттауға және тауарлық белгіні тіркеуге байланысты рәсімдерді жүргізуге арналған шығындар:

Шығындардың атауы	Шығындар жұмсалған келісімшарттың №	Жабдықтаушыдан көрсетілген қызметтерді/жұмыстарды қабылдау күні	ҚҚС-сыз шығындар сомасы	
			төлем валютасында	теңгемен
1	2	3	4	5
1.				
2.				
...				
Барлығы				

Шығындардың бір бөлігін өтеуге мәлімделетін жалпы сома:

\_\_\_\_\_ теңге

(цифрмен және жазумен жазылған сомасы)

2. Экспортталатын өнім немесе қызмет туралы мәліметтер:

КО СЭҚ ТН 10 белгісі деңгейінде тауар позициясы көрсетілетін,

өнім атауы: \_\_\_\_\_

Импорттаушы елдің және импорттаушы ұйымның атауы:

Экспорттық келісімшарттың атауы және деректемелері: \_\_\_\_\_

Өнім экспортының немесе көсетілген қызметтердің жүзеге

асырылған көлемі немесе ақшалай көріністе: \_\_\_\_\_ теңге.

Соңғы екі жыл ішіндегі өнімді немесе көрсетілетін қызметті

өткізудің жалпы көлеміндегі өнім немесе көрсетілетін қызметтер

экспортының үлесі: \_\_\_\_%.

3. Қоса берілетін құжаттар тізбесі:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_

Уәкілетті тұлға: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінімді берген күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 6-қосымша

## **"Экспорттаушыларды сервистік қолдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Экспорттаушыларды сервистік қолдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 21 (жиырма бір) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

3) қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – экспорттаушыларды сервистік қолдауға жасалған шарт.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін негізде заңды тұлғалар - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және желделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті берушіге экспорттаушыларға сервистік қолдау көрсетуге еркін нысандағы жазбаша өтініш мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжат болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

## **3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар**

**қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kaznexinvest.kz](http://www.kaznexinvest.kz).

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 91-90-40 (ішкі, 1001, 1043, 1044). Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 шілдедегі № 839  
бұйрығына 7-қосымша

#### **"Индустриялық–инновациялық жобаның кешенді жоспарының әзірлемесіне және/немесе сараптамасына кететін шығындардың орнын толтыру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **1. Жалпы ережелер**



1. Индустриялық–инновациялық жобаның кешенді жоспарының әзірлемесіне және/немесе сараптамасына кететін шығындардың орнын толтыру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті "Қазақстандық индустрия дамыту институты" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) және кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – КҚКО) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету өтініштерін қабылдау көрсетілетін қызметті беруші немесе КҚКО арқылы жүзеге асырылады, нәтижелерді беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша өтініш тапсырған сәттен бастап – 17 (он жеті) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетуге рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші үш жұмыс күн ішінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарың қабылдаған сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісін анықтаған кезде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – шығындардың орнын толтыру жөніндегі келісім.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз жүзінде.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. "Мемлекеттік қызмет заңды тұлғалар - индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу шығыстарының төлемін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе КҚКО жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметті көрсетілетін алушының ұйымның мөрі бар бірінші басшының қолы қойылған банк деректемелерін көрсете отырып, құралды алуға арналған өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының көшірмесі;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары және өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (соның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған) немесе заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері;

4) индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсетілетін қызметті алушы мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесі;

5) орындаушы индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

6) орындаушы индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның көшірмесі;

7) орындаушы индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының көшірмесі;

8) қызметтерді индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарының әзірлемесі және/немесе сараптамасы бойынша орындаушының көрсету

нәтижелері бойынша бірінші басшының немесе оның орнында отырған тұлғаның қолы қойылған көрсетілетін қызметті алушының бланкісінде еркін нысанда рәсімделген көрсетілетін қызметті алушының есебі (бірінші басшыны ауыстырып отырған тұлға қол қойған кезде сенімхатты қоса тіркеу керек);

9) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс орындаушысында қызметтер көрсету кезінде тартылатын ұсынылатын қызметтер саласындағы штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар екендігін растайтын мәліметтер;

10) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары және өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (соның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған) немесе тартылатын орындаушының заңды тұлғасын (филиалын, өкілдігін) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері;

11) көрсетілген ұқсас қызметтердің, орындалған жұмыстардың қорытындылары бойынша ұсынымдар және/немесе пікірлер және/немесе актілердің кемінде 2 (екі) көшірмесі;

12) қызметтерді көрсету кезінде тартылған штаттық және штаттан тыс мамандардың біліктілігін растайтын құжаттардың көшірмесі;

13) құрал операторының ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну туралы оң шешімінің көшірмесі.

Карталардың жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе оны сараптау шығыстарының төлемін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе КҚКО жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының мөрі бар бірінші басшының қолы қойылған банк деректемелерін көрсете отырып, құралды алуға арналған өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының көшірмесі;

3) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары және өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (соның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған) немесе тартылатын орындаушының заңды тұлғасын (филиалын, өкілдігін) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері;

4) Карталардың жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсетілетін қызметті алушы мен қызметтер көрсететін орындаушы арасында жасалған шарттың көшірмесі;

5) орындаушы Карталардың жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтер актісінің көшірмесі;

6) орындаушы Карталардың жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына шот-фактураның көшірмесі;

7) орындаушы карталардың жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу немесе сараптау бойынша көрсеткен қызметтердің жалпы сомасына төлем тапсырмаларының көшірмелері;

8) көрсетілетін қызметті алушының Индустриялық картасына және Өңірдің кәсіпкерлігін қолдау картасына қосылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

9) бірінші басшы немесе оның орнына отырған тұлғаның қолы қойылған еркін нысанда жазылған өтініш беруші бланкісінде рәсімделген, Карта жобалары үшін техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және/немесе сараптау бойынша қызметтерді орындаушының көрсетуі нәтижелері бойынша өтініш беруші есебі (бірінші басшыны ауыстырып отырған тұлға қол қойған кезде сенімхатты қоса тіркеу керек);

10) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындаушыда қызметтер көрсеткен кезде тартылатын ұсынылатын қызметтер саласындағы штаттағы және штаттан тыс мамандарының бар екендігін растайтын мәліметтер;

11) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары және өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (соның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған) немесе тартылатын орындаушының жеке кәсіпкерін (филиалын, өкілдігін) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері немесе жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға орындаушыға мемлекеттік органдар беретін лицензияның, рұқсаттың көшірмелері ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы құжаттар міндетті болған жағдайда);

12) қызмет көрсету үшін тартылатын штаттық және штаттан тыс мамандардың біліктіліктерін растайтын құжаттардың көшірмелері;

13) аккредиттелген сарапшылық ұйым немесе тиісті аттестаты бар сарапшы немесе мемлекеттік сарапшылық ұйым жүргізген техникалық-экономикалық негіздеменің ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі (осы қорытынды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болған жағдайда).

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті

берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі қағаз тасығыштағы өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі 25, "Аңсар" бизнес орталығының ғимараты, 207/211/212-б кабинет мекенжайы бойынша не Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – Комитет) басшысының атына 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1711-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-48-60, 75-48-62 мекенжайы бойынша немесе Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 1012-кабинет, телефоны: 8 (7172) 75-43-23, 75-43-27 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің кеңсесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) шағымды қабылдауды растау болып табылады.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің немесе Министрліктің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Комитеттің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

#### **4. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

Министрлік - [www.mid.gov.kz](http://www.mid.gov.kz);

Комитет - [www.comprom.gov.kz](http://www.comprom.gov.kz);

Көрсетілетін қызметті беруші - [www.kidi.gov.kz](http://www.kidi.gov.kz), [www.pp2020.kz](http://www.pp2020.kz);

КҚКО – [www.palata.kz](http://www.palata.kz), [www.business.gov.kz](http://www.business.gov.kz).

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 79-99-20 (ішкі 1059, 1027, 1058, 1023, 1022).

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан

"Қазақстандық индустрия дамыту  
институты" АҚ

---

(өтініш берушінің толық атауы)

## Құралды алуға өтінім

(сұраным беруші толтырады)

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Өтініш берушінің толық атауы
2. Заңды мекенжайы (индекс, облыс, қала/аудан, елді мекен, көше, телефоны)
3. Бірінші басшы (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі, лауазымы, жұмыс/ұялы телефонының нөмірі, электрондық мекенжайы)
4. Өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні
5. Өтініш берушінің БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі)
6. Саланың, қосалқы саланың атауы
7. Негізгі қызмет түрі (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің кодын көрсете отырып)
8. Шығарылатын өнімнің номенклатурасы
9. Өтініш беруші қызметкерлерінің саны
10. Өтініш берушінің белгіленген қуаты (заттай және ақшалай көріністе)
11. Қуаттардың ағымдағы жүктелімі (пайыз)
12. Өндірістік жабдықтың ағымдағы тозуы (пайыз)
13. Ағымдық еңбек өнімділігі (мың теңге/адам және мың/АҚШ доллары/адам )
14. Жоба мемлекеттік және/немесе салалық Бағдарламаның қатысушысы бола ма (болған ба) (егер солай болса, онда қандай құралдарды алғаныңызды көрсетіңіз)

Қандай құралды қолдану жоспарлануда (қажеттісін

белгісімен белгілеңіз):

Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды алу үшін  
индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу;

□ Индустриялық картасының жобалары үшін техникалық-экономикалық  
негіздемесін әзірлеу және/немесе сараптау;

15. Қағидалар шеңберінде мемлекеттік қолдауды тартудың мақсаты (қысқаша  
сипаттама, қажеттілікті негіздеу, нәтиже)

16. Өтінім берілген құрал шеңберінде келтірілген шығындардың жалпы құны  
(теңге)

17. Өтінім берілген құрал шеңберінде келтірілген шығындар кезеңі (басынан  
бастап соңына дейін (жыл, ай))

18. Қызмет көрсететін орындаушының атауы

19. Өтініш берушінің банктік деректемелерін көрсету

Осы өтінім арқылы өтініш беруші ұсынған құжаттарының, бастапқы  
деректерінің, есептеулерінің, негіздемелерінің толықтығына және дұрыстығына  
жауапкершілікті өзіне алады.

Өтініш беруші сұралып отырған құралдар шеңберінде жасалған іс-шаралар  
бойынша келген шығындар республикалық және/немесе жергілікті бюджет  
қаражаты есебінен қаржыландырылмағанын растайды.

Құралды алуға өтінімді толтырушы, байланыс жасаушы тұлға (аты, әкесінің  
аты (бар болған жағдайда), тегі, лауазымы, жұмыс/ұялы телефондарының нөмірі,  
электрондық мекенжайы): \_\_\_\_\_

Өтінімді толтырған күні \_\_\_\_\_

Өтініш беруші басшысының қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

М.О. (бар болған жағдайда)

"Индустриялық-инновациялық  
жобаның кешенді жоспарының  
әзірлемесіне және/немесе  
сараптамасына кететін  
шығындардың орнын толтыру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

**Орындаушыда, ұсынылатын қызметтер саласында жұмыс  
тәжірибесінің, \_\_\_\_\_ қызметтерді көрсету кезінде  
тартылатын штаттық және штаттан тыс қызметкерлердің болуын  
растайтын мәліметтер**



Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(өтініш берушінің фирмалық бланкісінде толтырылады)

1. Орындаушының атауы \_\_\_\_\_.

2. Орындаушыны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні

3. Орындаушының соңғы \_\_\_\_\_ жыл ішінде көрсеткен ұқсас қызметтерінің көлемі (ұсынылатын қызметтер саласында жұмыстар 2 (екі) жылдан кем емес).

Көрсетілген қызметтер атауы	Тапсырыс берушілердің атауы және олардың телефон нөмірлері	Қызмет көрсеткен орны және жылы	Шарт құны, теңге (көрсетілмеуі де мүмкін)
1	2	3	4

4. Қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесі (осы шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін орындаушы жұмысқа тартқан қызметкерлер көрсетіледі)

р/с №	Аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі	Лауазымы	Осы бағыт бойынша қызмет көрсету саласындағы жұмыс өтілі	Дипломы, куәлігі және басқа да білімі туралы құжаттар бойынша біліктілігі мен мамандығы (№, серияны және беру күнін көрсету)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы (бар болса)	Азаматтығы
1	2	3	4	5	6	7

Жоғарыда көрсетілген барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Өтініш берушінің басшысы

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі) (бар болған жағдайда)  
М.О.

*Осы нысанды өтініш беруші "Технологиялық процестерді жетілдіру" құралы шеңберінде жүргізілген энергоаудит бойынша шығындарды мәлімдеген кезде толтырмайды.*

*Осы мәліметтердің 3-тармағы өтініш беруші "Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеу және/немесе сараптау" құралы шеңберінде техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және/немесе сараптау бойынша, сондай-ақ "Кәсіпорын құзыреттілігін арттыру" құралы шеңберінде білім беретін және ғылыми ұйымдарда, ғылыми-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік кәсіпорындарда кадрларды, оның ішінде топ-менеджерлерді даярлау және/немесе қайта даярлау бойынша шығындарды мәлімдеген кезде толтырмайды.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК